



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

20.01.2023 № 2-010346-23-05167

22.12.2022 №ДЗ-381

**«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының депутаттары  
К.В. Авершин мен  
Ә.М. Әбсеметоваға**

Алматы қаласының халықаралық  
әуежайын қайта жаңарту бойынша

### **Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура сіздердің негізгі жолаушылар корпусының кеңеюіне байланысты Алматы қаласы халықаралық әуежайының (бұдан әрі – Әуежай) «VIP» терминалының орын ауыстыруына қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

1947 жылы салынған Әуежайдың «VIP» терминалы 2021 жылғы 17 наурызда жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші болып танылған (Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» №1/191 қаулысы).

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңның 29-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тарих және мәдениет ескерткішін ауыстыруға және өзгертуге тыйым салынады.

Ескерткіштің жетпіс пайыздан астамы қираған, тарихи-мәдени маңыздылығын жоғалтқан немесе оның орын ауыстыруы мен өзгеруі оны сақтау жағдайларының жақсаруына әкеп соқтырған жағдайларда ғана алып тастауға жол беріледі.

Бұл ретте ауыстыру немесе өзгерту туралы шешімдерді жергілікті атқарушы органдар уәкілетті органмен келісім бойынша тарихи-мәдени сараптаманың қорытындысы негізінде қабылдайды.

Дәл осыған ұқсас талаптар Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, мәртебе беру және одан айыру, орнын ауыстыру және өзгерту, жай-күйін мониторингілеу мен санатын өзгерту қағидаларында қамтылған (Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген).

Негізгі терминалдың кеңеюіне және тарихи-мәдени маңызы бар объект ретінде «VIP» терминалдың ғимаратын сақтау қажеттілігіне байланысты 2020 жылғы 11 қарашада Алматы қаласының әкімдігі оны көшіру туралы қаулы шығарған (онтүстік-шығысқа қарай 420 метр).

2021 жылғы 14 қыркүйекте Алматы қаласының Мәдениет басқармасы көрсетілген қаулыға, эскиздік жобаға (Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы

келіскен) және «Қазреставрация» РМК тарихи-мәдени сараптамасының қорытындысына сүйене отырып, Әуежай үшін қолданыстағы «VIP» терминалды жаңа учаскеге көшіру жөніндегі жұмыс жобасын келіскен.

Сондай-ақ 2022 жылғы 1 қарашада ғимаратты көшіру Мәдениет және спорт министрлігімен келісілген (Вице-министрдің төрағалығымен комиссия отырысының №6 хаттамасы).

Жоба ғимараттың конфигурациясы мен архитектуралық келбетін сақтауды, декоративті элементтерді (терезе саңылауларының, аркалардың, витраждардың, бедерлі-ою – өрнектелген панельдердің, көп профильді карниздің, негізгі кіреберістің-сатылы ризалитаның, ою-өрнектелген бағандардың, ашық парапеттердің, карниз элементтерінің және т.б.), металл жақтауды, әйнектерді тасымалдауды және ауыстыруға жарамсыз элементтерді қайта құруды қамтиды.

2022 жылғы 5 қарашада «TAV Construction» шетелдік компаниясы (әуежай құрылысына маманданған) Әуежайдың «VIP» терминалын бөлшектеуді және көшіруді бастады.

Қазіргі уақытта бұрынғы ғимараттың орнында халықаралық рейстер мен жалпы авиация үшін арналған жаңа терминалды салу бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге «VIP» терминалын дұрыс көшірмеу белгілері бойынша материалдар Алматы қаласының Әуе көлік прокуратурасының АЕК-інде тіркеліп, Қылмыстық кодекстің 203-бабы (тарих ескерткішін қасақана жою) бойынша процестік шешімін қабылдау үшін жергілікті Желілік полиция бөлімінің атына жіберілді.

**Б. Асыллов**



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

20.01.2023 № 2-010346-23-05167

22.12.2022 № ДЗ-381

**Депутатам Фракции  
партии «АМАНАТ»  
Авершину К.В. и  
Абсеметовой А.М.**

По реконструкции международного  
аэропорта города Алматы

### **Уважаемые депутаты!**

Генеральная прокуратура, рассмотрев ваш запрос относительно перемещения «VIP» терминала международного аэропорта города Алматы (далее – Аэропорт) в связи с расширением основного пассажирского корпуса, сообщает следующее.

«VIP» терминал Аэропорта, построенный в 1947 году, 17 марта 2021 года признан памятником истории и культуры местного значения (постановление акимата города Алматы №1/191 «Об утверждении Государственного списка памятников истории и культуры местного значения города Алматы»).

В соответствии с подпунктом 2) пункта 2 статьи 29 Закона «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» перемещение и изменение памятника истории и культуры запрещается.

Исключение допускается лишь в случаях разрушения более семидесяти процентов памятника, утраты историко-культурной значимости или если его перемещение и изменение повлекут улучшение условий его сохранения.

При этом решения о перемещении или изменении принимаются местными исполнительными органами на основании заключения историко-культурной экспертизы по согласованию с уполномоченным органом.

Аналогичные требования содержатся в Правилах выявления, учета, придания и лишения статуса, перемещения и изменения, мониторинга состояния и изменения категории памятников истории и культуры (утверждены приказом Министра культуры и спорта от 15 апреля 2020 года).

В связи с расширением основного терминала и необходимостью сохранения здания «VIP» терминала как объекта историко-культурного значения 11 ноября 2020 года акиматом города Алматы вынесено постановление о его перемещении (420 метров на юго-восток).

14 сентября 2021 года Управление культуры города Алматы, основываясь на указанном постановлении, эскизном проекте (согласован Управлением городского планирования и урбанистики) и заключении историко-культурной экспертизы РГП

«Казреставрация», согласовало для Аэропорта рабочий проект по переносу существующего «VIP» терминала на новый участок.

Также 1 ноября 2022 года перенос здания согласован Министерством культуры и спорта (протокол заседания комиссии №6 под председательством Вице-министра).

Проект включает сохранение конфигурации и архитектурного облика здания, перенос декоративных элементов (обрамления оконных проемов, арок, витражей, рельефно-орнаментированных панно, многопрофильного карниза, главного входа – ступенчатого ризалита, орнаментированных колон, ажурных парапетов, элементов карниза и т.д.), металлического каркаса, стекол и воссоздание элементов, непригодных к переносу.

5 ноября 2022 года иностранной компанией «TAV Construction» (специализируется на строительстве аэропортов) начат демонтаж и перенос «VIP» терминала Аэропорта.

В настоящее время на месте прежнего здания проводятся строительные работы по возведению нового терминала для международных рейсов и авиации общего назначения.

Между тем материалы по признакам ненадлежащего перемещения «VIP» терминала зарегистрированы в КУИ Авиационной транспортной прокуратуры города Алматы и направлены для принятия процессуального решения по статье 203 (умышленное уничтожение памятника истории) Уголовного кодекса в адрес местного Линейного отдела полиции.

**Б. Асыллов**